ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім нәтижелері

2018 ж. I тоқсан

МАЗМҰНЫ

I. Мониторинг қатысушыларының құрамының динамикасы (3-бет)

II. Композиттік индикатор (4-бет)

III. Дайын өнімге сұраныс серпіні (5-бет)

IV. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (6-бет)

V. Өндіріс көлемінің өзгеруі (7-бет)

VI. Баланс құрылымы: активтер (8-бет)

VII. Баланс құрылымы: пассивтер (9-бет)

VIII. Инвестициялық белсенділік (10-бет)

IX. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (11-12 бет)

X. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (13-15 бет)

XI. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (16-бет)

XII. Әдіснамалық түсініктеме (17-бет)

МОНИТОРИНГ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2017 жылдың үшінші тоқсанында мониторингке қатысушылардың өңірлік құрамы



2018 жылдың 1-ші тоқсанында сауалнамаға қатысушылардың саны негізінен шағын кәсіпорындар есебінен 29 кәсіпорынға артты. Сауалнама қатысушыларының саны 33 шағын кәсіпорынға және 1 ірі кәсіпорынға артып, 5 орта кәсіпорынға азайды.

Іріктеменің салалық құрамында ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласынан басқа салалардың бәрінде қатысушылар саны көбейді.

Мониторингке қатысушылардың салалық құрамы



Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы

ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ

2018 жылдың 1 тоқсанында жалпы экономика бойынша дайын өнімге сұраныс өсті, диффузиялық индекс (ДИ) 51,7 құрады. Өндірілген тауарларға сұраныс өткен тоқсанмен салыстырғанда аздап төмендегенімен, қызмет көрсету саласына қарағанда жақсырақ (ДИ 53,0 құрады). Қызмет көрсету саласы бойынша сұраныс соңғы 5 жылдың ішінде алғашқы рет өсу аясына ауысты (ДИ = 50,5). Кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары олардың өніміне деген сұраныстың едәуір өскенін, ал өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары олардың өніміне деген сұраныстың өсу қарқынының бәсеңдегенін атап өтті (ДИ сәйкесінше 56,7 және 52,7 құрады).

2018 жылдың 2 тоқсанында кәсіпорындар дайын өнімге деген сұраныстың жоғарырақ қарқынмен артуын күтуде (ДИ = 53,3)

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2017				2018	
Кәсіпорындар жауаптары, %		1 кв.	2 кв.	3 кв.	4 кв.	1 кв.	2 кв. **
Ұлғаю	1	17,4	29,1	29,1	25,5	17,6	25,5
Өзгеріссіз	2	49,3	49,7	50,2	50,0	50,9	35,3
Төмендеу	3	33,3	21,2	20,7	24,4	31,4	9,6
Диффузиялық индекс = 1жол+0,5*2жол	4	42,1	53,9	54,2	50,5	43,0	43,1
ДИ маусымдық өзгерістерден тазартылған*	5	50,4	49,7	49,5	51,2	51,7	53,3

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;

** 2018 жылдың 2-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

2018 жылдың 1-тоқсанында дайын өнім бағасы өткен тоқсандағы қарқынмен өсуін жалғастырды (ДИ = 56,8), кен өндіру өнеркәсібінде бағаның өсу қарқынының бәсеңдеуі орын алды (ДИ 60,6-дан 56,3 дейін төмендеді). Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, шикізат пен материалдарға деген бағаның өсу қарқыны дайын өнімге деген бағаның өсу қарқынынан біраз жоғарырақ болды (ДИ = 72,2), өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары олардың өніміне деген бағаның аздап өскенін атап өтті.

2018 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындар күтімі бойынша дайын өнімге деген бағаның өсу қарқыны өзгермейді (ДИ = 57,0), ал шикізаттар мен материалдарға деген бағаның өсу қарқыны бәсеңдейді (ДИ = 66,2).

Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;
** 2018 жылдың 2-ші тоқсаны үшін күтулер келтірілген.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

2018 жылдың 1-тоқсанында өндіріс көлемінің төмендеуі байқалды (ДИ = 41,3). Өткен жылдардың динамикасы бұл өзгерістің мезгілдік сипатын білдіреді. Өндіріс көлемінің төмендеуі экономиканың негізгі салаларының бәрінде орын алды. 2018 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындар өндіріс көлемін едәуір төмендеуін ұлғайтпақшы (ДИ = 58,8).

2018 жылдың 1-тоқсанында кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерінің қолданылу деңгейі айтарлықтай төмендеді. Өндірістік қуат көздерінің қолданылу деңгейі 70%-дан жоғары кәсіпорындардың үлесі 2017 жылдың 4 тоқсанында 33,7%-дан 2018 жылдың 1-тоқсанында 29,4%-ға дейін төмендеді. Өндірістік қуат көздерінің қолданылу деңгейінің ең жоғарғы деңгейі тау-кен өнеркәсібінде, ал ең төменгі деңгейі құрылыс саласында орын алды.

Өндіріс көлемі (ДИ)
(50=өткен тоқсанмен салыстырғанда өзгеріс жоқ)



Өндірістік қуат көздерінің қосылу деңгейі
(% жауаптар)



*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді
** 2018 жылдың 2-ші тоқсаны үшін күтулер келтірілген.

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2018 жылдың 1-тоқсанында экономиканың нақты секторындағы активтер құрылымында ұзақ мерзімді активтер үлесі 66%, қысқа мерзімді активтер 34% құрады.

Қысқа мерзімді активтер құрылымының басым бөлігін қысқа мерзімді дебиторлық берешек құрады (42,5%). Басқа қысқа мерзімді активтер 38,3%, ал қорлар 19,2% құрады.

Кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемдері 2018 жылдың 1-тоқсанында біршама азайды (ДИ = 49,2). Кәсіпорындар болжамы бойынша 2018 жылдың 2-тоқсанында депозит көлемдері ары қарай азаяды, бірақ азаю қарқыны өткен тоқсаннан төменірек болады.

Активтер айналымы айтарлықтай төмендеп 13,7%-ды құрады. Айналым қаражатының айналысы да айтарлықтай төмендеді (38,3%-ға дейін).

Активтер құрылымы

Қысқа мерзімді активтер құрылымы



Активтер айналымдылығының көрсеткіштері



Кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемі



БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

2018 жылдың 1 тоқсанында пассивтер құрылымында меншікті капиталдың үлесі 43,5%-дан 46,4%-ға дейін жоғарылады. Қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі едәуір төмендеді (26,5%-дан 23,7%-ға дейін). Бұл негізінен қысқа мерзімді банк несиелерінің азаюы есебінен болды: қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында банк несиелерінің үлесі 26,9%-дан 16,3%-ға дейін азайды. Қысқа мерзімді міндеттемелердің жартысынан көбі қысқа мерзімді дебиторлық берешек болып табылады.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымының 50%-дан астамы банк несиелері болып табылады.

Мерзімі өткен міндеттемелер бойынша жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ: баланста мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі 28,4% құрады, мерзімі өткен кредиторлық берешек 20,7% кәсіпорында, ал мерзімі өткен банк несиелері 3,1% кәсіпорында бар.

Пассивтер құрылымы



Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі

Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымы



Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымы



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

2018 жылдың 1-тоқсанында кәсіпорындардың инвестициялық аздап төмендеді: негізгі құралдарды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі өсті (29,2%-дан 31,2%-дейін), айналым капиталын қаржыландыруда банк несиесін қолданған кәсіпорындар үлесі азайды (15,7%).

Айналым қаражатын және негізгі құрал-жабдықтарды толықтырудың негізгі көзі ретінде меншікті қаражат қалып отыр (65,5% және 83%, сәйкесінше). Банк несиелерінің кәсіпорындардың инвестициялық саясатындағы рөлі шамалы болып отыр. 2018 жылдың 1-тоқсанында банк несиелерімен негізгі құралдарды қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі 5,6%, ал айналым капиталын қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі 15,7% құрады.

Сонымен қатар, кәсіпорындардың қаржыландыру мүмкіндігін шектейтін негізгі факторлары болып қаржы-қаражаттың жеткіліксіздігі (кәсіпорындардың 31,5%), өнімге сұраныстың жеткіліксіздігі (кәсіпорындардың 24,2%) және өзге кәсіпорындар тарапынан жоғары бәсекелестік (кәсіпорындардың 22%) болып табылады.

Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көздері



Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



Кәсіпорындардың қаржыландыру қабілетін шектеуші негізгі факторлар



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2018 жылдың 1-тоқсанында өндіріс тиімділігі көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Өндіріс көлемін, еңбек өнімділігін және қызметкерлер санын төмендетпеген кәсіпорындардың үлесі тиісінше 73,5%, 72,9% және 69,4%-ға дейін көбейді.

2018 жылдың 1-тоқсанында нақты сектор кәсіпорындарының ағымдағы өтімділік және жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті өсіп, сәйкесінше 1,4 және 1,9 құрады. Өтімділік көрсеткіштері төмен (АӨК<1) кәсіпорындар үлесі 34,6%-дан 35,1%-ға дейін өсті.

Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері

Кәсіпорындар өтімділігі мен төлемге қабілеттілігі



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2018 жылдың 1-тоқсанында нақты сектор бойынша салық салғанға дейінгі орташа сату рентабельділігі 40,2%-дан 43%-ға дейін ұлғайды. Бұл динамика негізінен өңдеу өнеркәсібіндегі сату рентабельділігінің өсуіне байланысты болды (29,8%-дан 34,7%-ға дейін).

2018 жылдың 1-тоқсанында шығынға ұшыраған және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 22,9%-дан 24,7%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі 34,8%-дан 35,2%-ға дейін жоғарылады.

Сатудың рентабельділігі, % -бен



Сатудың рентабельділігінің деңгейі бойынша кәсіпорындардың жіктелуі



БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2018 жылдың 1-тоқсанында жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың банктердің несиелеріне сұранысы шамалы төмендеді. Банктен кредит алуға 21,1% өтініш берді, оның 84,8%-ы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 17,9 %-ы) несие алды. Сонымен қатар, несие ала алмаған кәсіорындар үлесі азайды, ол ірі, шағын және орта кәсіпорындарда орын алды.

2018 жылдың 2-тоқсанында несие алуға ниеті бар кәсіпорындардың үлесі 17,4%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде бұл көрсеткіш 23,4%-ды, ал кен өндіру өнеркәсібінде 14,9%-ды құрады.





БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2018 жылдың 1-тоқсанында несиелендірудің бағалық (несиелендіру бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (несиелендірудің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, кепілге қойылатын талаптар) шарттарының теріс бағалады. Бұл ретте, несиелеудің бағалық және бағалық емес шарттарын теріс бағалаған кәсіпорындар саны біртіндеп төмендеп жатыр.

Теңгемен несиелендірудің нақты пайыздық мөлшерлемесі мен кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы алшақтық нақты ұсынылатын мөлшерлеменің төмендеуіне байланысты азайды. **Шетел валютасымен** несиелендіруде аталған алшақтық, керісінше, қолайлы мөлерлемеінің төмендеуіне байланысты көбейді.

Несиелеу талаптарының өзгеруі

Бағалық шарттар



Бағалық емес шарттар



Несиелер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер

Теңгемен несиелердің мерзімдері мен мөлшерлемелері



Шетел валютасымен берілген несиелердің мерзімдері мен мөлшерлемелері



*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2018 жылдың 1-тоқсанында шетел валютасын пайдаланатын кәсіпорындардың үлесі шамалы өсті (72,1% -ға дейін). Есеп айырысу барысында қолданылатын неізгі валюталар болып ресей рублі мен АҚШ доллары қалып отыр.

2018 жылдың 1-тоқсанында теңге бағамының шетел валюталарына қатысты өзгерісінің кәсіпорындардың экономикалық жағдайына теріс әсері азайды. Кәсіпорындардың экономикалық жағдайына теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгерісі теріс әсер еткен кәсіпорындар үлесі 2017 жылдың 4-ші тоқсанындағы 34,9% -дан 2018 жылғы 1-тоқсанда 31,3% -ға дейін, евроға қатысты өзгерісі теріс әсер еткен кәсіпорындар үлесі 24,2% -дан 19,9% -ға дейін, ресей рубліне қатысты өзгерісі теріс әсер еткен кәсіпорындар үлесі 35,2% -дан 28,6% -ға дейін азайды.

USD/KZT, answers in %



EUR/KZT, %



RUB/KZT, %



Есеп айрысуда шетел валютасын қолдану
(валюталар %-бен)



оң әсер | теріс әсер | әсері жоқ | білмеймін

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын қорытынды индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің кредиттері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлыретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың іріктеуі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (өйткені есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Композиттік индикатордың (КИ) нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ЖІӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеті бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

1) Экономиканың салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і
2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісінің ДИ-і,
- шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісінің ДИ-і; -
3) инвестициялық және кредиттік белсенділіктіің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін кредит алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда),
- меншікті қаражат пен банктердің несиелерінен бөлек негізгі құрал-жабдықтар мен айналмалы қаражатты қаржыландыру үшін басқа көздерді пайдаланған кәсіпорындардың үлесі;
- кредит алған кәсіпорындардың үлесі,
- кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
- теңгедегі және шетел валютасындағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;
4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендемеген кәсіпорындардың үлесі;
5) кәсіпорындардың қызметіне теңгенің валюталық бағамының өзгерістері (АҚШ долларына, еуро және ресей рубліне) әсер ететін индикатор.